

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ертегі - ертегі сыр шертеді

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.09.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/16559/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Динжанова Санияш Саткановна

Білімсаласы: Коммуникация, таным, денсаулық, әлеумет, шығармашылық.

Білімбөлімі: Сөйлеуді дамыту, көркемәдебиет, драма, қоршаған ортаментанысу, денешынықтыру, құрастыру.

Мақсаты: Балалардың жылдық білімдерін қорытындылау. Математикалық мазмұндағы дидактикалық ойындар арқылы білімдерін тексеру. Сонымен қатар балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тілбайлықтарын тексеріп отырып, білімдерін тиянақтау.

Білімділікке бейімдеу бағытындасандардың қатарына ауызшасанауға жаттықтыру оңға, солға, жылмезгілдерін, апта күндерін, ретімен атауға, тақпақтар айтуға үйрету. Ертегіні ескетіріп, естесіне қабілеттерін жақсарту, тілін дамыту, ертегі кейіпкерлерінің қимыл қозғалыстарын, көрсете білуге үйрету, шығармашылық қызығушылықтарын тудыру, денесін шынықтырып, саусақ бұлшықеттерінің белсенділігін арттыру; мейірімділік, жанашырлық сезімдерін қалыптастыру. Топпен жұмыс істеуге, ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ертегі кейіпкерлерінің суреті. Орман бейнесі, фигуралар, түрлі түсті гүлдермен көбелектер, жемістер мен көкөністер (муляж), себеттер, .

I Алғашқы ұйымдастыру.

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз

Жарқырайды даламыз,

Біз әдепті баламыз

Біз ерекше боламыз.

Қонақтарды көргенде

Сәлемдесіп аламыз

Сәлеметсіздер ме, қонақтар.

(Балалар шеңбер құрып, өлең мәтініне сәйкес қимыл жасап, бір-біріне жылы тілек айтады).

Тәрбиеші:— Бір жылда неше мезгіл бар? (төрт мезгіл бар.)

— Кәне, атап шығайық (Күз ,қыс, көктем, жаз.)

-Дұрыс.

Онда мен сендерге жұмбақ жасырамын. Ал сендер қай мезгіл екенін шешіндер.

Күн жылынып

Қар еріп,

Су сайларға толады.

Б/ ж:Көктем мезгілі.

Күндер ысып,

Маса шағып,

Балалар суға шомылады.

Б/ж: Жаз мезгілі.

Күн бұлттанып,

Жауын жауып,

Шөп, жапырақ сарғаяды.

Б/ж:Күз мезгілі.

Суда мұз бар,

Жерде қар бар,

Боран, борап соғады.

Б/ ж:Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем.

Тәрбиеші: Көктемде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Қар еріп, күн жылиды,ағаштар мен гүлдер бүршік атады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар. Сендер көктем туралы көп біледі екенсіңдер.

Ал енді осы көктем мезгілі туралы кім тақпақ біледі?

Айдар: Көктем қандай көңілді,

Күміс жаңбыр төгілді.

Мөлдір аспан ашылып, .

Күннің көзі көрінді..

Айзере:Көктем, көктем, көктемде

Құстар келіп жеткенде.

Қуанып біз қаламыз,

Әнмен қарсы аламыз.

Тәрбиеші: Тамаша тақпақтар біледі екенсіңдер. Сендерге рахмет.

(Осы кезде есік қағылады). Ой, кім келді балалар?

(Есікті ашады).

Бөлмеге хат тасушы кіреді.

Хат тасушы: Амансыңдар ма, балалар. Бұл «Өркен» тобы ма?

Тәрбиеші: Ия. Сіз қателескен жоқсыз. Бұл «Өркен» тобы.

Хат тасушы: Ендеше , мен сендерге хат әкелдім. (Хатты беріп шығып кетеді)

Тәрбиеші: Балалар бұл хат кімнен келді екен?

Балалар хат бауырсақтан келіпті. Ол ертегілер елінде ,үйіне қайтар жолды білмей ,адасып жүр екен.

Ол өзіне біздің көмектесуімізді сұрайды. Бауырсаққа үйін табуға көмектесеміз бе?

(Балалар қуана келіседі) ,

Тәрбиеші: Олай болса, ертегілер еліне сапар шегеміз.көзімізді жұмамыз бәріміз.

(Сиқыршы таяғым бізді орманға апар)

Тәрбиеші: Балалар біз орманға келдік. Орманда көп ағаштар өсіп тұр екен. Ағаштың оң жағына қызыл, көк, жасыл гүлдер, сол жағына сары, ақ, гүлдер екен.Мына гүлдерге қараңдаршы қандай әдемі. Бірақ бұл гүлдерге қонып отырған көбелектер өздерінің түсіне сәйкес келетін гүлге емес, басқа гүлдерге қонып отыр екен. Келіңдер оларды дұрыс орналастырайық. Балалар қызыл көбелекті қызыл гүлге, сары көбелекті сары гүлге, орналастырайық.

Тәрбиеші: жарайсыңдар, балалар, сендер түстер туралы жақсы біледі екенсіңдер.

Енді сапарымызды одан ары жалғастырайық.

Тәрбиеші: Балалар, бұл не?

Балалар: Қоян.

Тәрбиеші: Қоян қандай жануарға жатады? (үй жануары)

Тәрбиеші: Қоян құлақтары қандай? Қоян батырма әлде қорқақпа?

Балалар: Қоян қорқақ, құлақтары ұзын.

Балалар: Амансың ба қоян ? Сен бауырсақты көрдіңбе?Бізге бауырсақтың қалай қарай кеткенін көрсеңайтшы?

Қоян: Көрдім,сендер бірінші менің тапсырмамды орындаңдар,менің үйімнің қандай пішіндерден құралғанын атап беріңдер.

Тәрбиеші: Балалар қоянның тапсырмасын орындайық қане кім айтады?

Қоян: Ой, балалар, сендерге көп рахмет, Балалар, бауырсақ мына жаққа қарай кетті. (Балаларға жолды көрсетеді. Балалар қоянмен қоштасып кетеді.)

Тәрбиеші: Балалар біз қоян көрсеткен жолмен бауырсағымызды іздеуді жалғастырайық.

Балалар бұл не?

Балалар: Бұл қасқыр,

Тәрбиеші: Қасқыр қандайжануарға жатады? (жабайы жануарға)

Балалар: Амансың ба қасқыр? Сен бауырсақты көрдіңбе?

Қасқыр: Көрдім, бірақ сендер маған 1 — ден 5 — ке дейін сандар бойынша ретімен санап, сосын 5 — тен 1 — ге дейін кері санап беріңдер, санап білмесеңдер, мен сендерді бауырсаққа жібермеймін.

(Балалар 1 — ден 5 — ке дейін, сосын 5 — тен 1 — ге дейін кері санап береді.)

Қасқыр: Ой, рахмет, балалар. Бауырсақмына жаққа қарай кетті.

Тәрбиеші: Балалар біз қасқыр көрсеткен жолмен бауырсағымызды іздеуді жалғастырайық.

Алдарынан қорбаңдағанаюшығады.

Тәрбиеші: Балалар ;білесіңдерме бұл не?

Балалар: Бұл қорбаңбайаю.

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар аю қандай жануарға жатады, ол қандай?

Балалар: (жабайы жануарға) Ол қорбаңбай, дәу, құлақтары кішкентай.

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар аю ұйықтап жатыр екен, аю туралы сергіту сәтін жасап оятайық.

Сергіту сәті. Қорбаңдағанаюдың

Құлпынайы көпекен.

Теріп – теріп алайық.

Қалтамызғасалайық .

Аю: Сендер неге келдіңдер, мен сендерді жеп қоямын.?

Тәрбиеші: Аю, сен бізді жеме, оданда бізге бауырсақтың қайда кеткенін айтшы?

Аю: Жарайды, сендер жақсы балалар екенсіңдер, жемей-ақ қояйын, бірақ сендер маған жемістер мен көкөністерді ажыратып салып беріңдер.

Балалар жемістер мен көкөністерді ажыратып, екі дысқа бөліп салады. . :

Аю: Рахмет, балалар. Сендердің іздеген бауырсақтарыңмына жаққа қарай кетті.

(Балалар аюмен қоштасып, жолға шығады.)

Тәрбиеші: Балалар біз аю көрсеткен жолмен бауырсағымызды іздеуді жалғастырайық.

Балалар орманда келе жатып, түлкіге кездеседі.

Тәрбиеші: Балалар, бұл не? :

Балалар: Ол түлкі. , ,

Тәрбиеші: Түлкі қандай? ++

Балалар: Ол өте қу, айлакер.

Тәрбиеші: Ендеше, түлкімен амандасайықшы. Балалар түлкімен амандасады.

Түлкі: Сендер кімсіңдер?

Тәрбиеші: Біз «Өркен» тобының балаларымыз. Бауырсақты іздеп жүрміз. ‘

Түлкі: Мен сендердің бауырсақтарыңды көрдім. Ол менің қолымда. Менің сендерге тапсырмам бар соны орындасаңдар мен бауырсақты босатам. Тапсырма; Суреттегі ертегілерді ата

Тәрбиеші: Балалар түлкінің тапсырмасын орындайық қане суреттегі ертегілерді атайық?

Түлкі: Ой балалар сендерге үлкен рахмет. Сендер барлық ертегіні біледі екенсіңдер.

(Түлкі кетеді. Ағаштардың арасынан бауырсақ шығады.)

Бауырсақ: Саламатсыңдар ма, балалар?

Балалар(қуана): Саламатсың ба, бауырсақ.

Тәрбиеші: Бауырсақ, сені аман-есен көргенімізге қуаныштымыз.

Тәрбиеші: Көрдiңдер ме, балалар, үлкендердiң тiлiн алмай үйден кетiп қалған бауырсақтың жағдайы не болғанын, егер сендер болмағанда, түлкі бауырсақты жеп қояр едi. Атай мен Әжей ренжiп жылар едi.

Бауырсақ: Балалар, сендерге үлкен рахмет. Менi қу түлкiден құтқарып қалдыңдар. Мен, ендi, атам мен әжемнiң тiлiн алатын боламын. Олар менi күтiп қалған болар, мен кетейiн, сау болыңдар, балалар. (Бауырсақ шығып кетедi.)

Тәрбиеші: Балалар, ертегiлер елiнен ендi, бақшамызға қайтайық. көзiмiздi жұмамыз бәрiмiз.

(Сиқыршы таяғым бiздi топ бөлмесiне апар)

Тәрбиеші: Балалар, бiз бүгiн қайда бардық?

Балалар: Ертегiлер елiне, орманға.

Тәрбиеші: Ертегiлер елiне не үшiн бардық?

Балалар: Бауырсаққа көмектесу үшiн.

Тәрбиеші: Ертегiлер елiнде сендер қандай жануарларды көрдiңдер?

Балалар: Қоян, қасқыр, аю, түлкі.

Тәрбиеші: Ол жануарлар қандай ертегiнiң кейiпкерлерi?

Балалар: «Бауырсақ» ертегiсiнiң кейiпкерлерi.

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар, бiз бүгiн сендермен бiрге ертегiлер елiне барып, онда «Бауырсақ» ертегiсiнiң кейiпкерлерiмен кездестiк. Олардың тапсырмаларын орындап, бауырсаққа үйiн табуға көмектестiк. Жарайсыңдар. Сендер бүгiн игi iс iстедiңдер.

Тәрбиешi сабақты қорытып, балаларды мақтап-мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Бiледi: Ертегi мазмұнын жәнесуреттен ертегi кейiпкерлерiн ажыратыпбiледi.

Түсiнедi: Пішiндердi, түстердi ажыратуды.

Қолданады: Жемiстер мен көкөнiстердi ажыратып, мейiрiмдiлiктi, үлкендердiң айтқанын тыңдауды үйренедi. Үйренгендерiн ойында қолданады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.